ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 28 қараша №7119-24-00-2/14095 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.К. Джакупов,
сот отырысының хатшысы А. Ерғазының отыруында, ашық сот отырысында электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Бас әскери клиникалық госпиталі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Айдана» атынан - Зикирова Айдана Женисбекқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ</u>:

Тараптар арасында жалпы сомасы 52 200 теңгені құрайтын «Үстел ойындарының 3-і 1-де (дойбы, шахмат, домино) жиынтығы» тауарын жеткізуге 2024 жылғы 10 қыркүйектегі №129 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Тауарды жеткізу мерзімі шартқа қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылдың 24 қыркүйегіне дейін анықталады.

2024 жылғы 04 қазанда жауапкер техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмейтін тауарды жеткізген, ол жөнінде тапсырыс берушінің комиссиясымен акт жасалып, тауар шарт бойынша техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес келмеу себебімен қабылданбаған.

2024 жылғы 27 қарашада талап қоюшымен шартты өз міндеттемелерін орындамау себебімен бұзылған.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық

орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Тауарды жеткізу мерзімін бұзғаны үшін жауапкерден 1044 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндіру жөнінде есеп ұсынылған (52 200 теңге * 0,1 % * кешіктірілген 20 күн = 1 044 теңге мөлшерінде).

Талап қою жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттерін орындамағанымен негізделген. Талап қоюшы жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қоюшының өкілі істі оның қатысуынсыз қарау туралы арыз ұсынып, сот отырысына келмеді.

Жауапкердің өкілі істің қаралғаны туралы тиісті түрде хабардар етілсе де, сот отырысына келмеген, сот отырысына келмеу себептерін хабарламаған. Осыған байланысты сот талап қоюды оның қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12 бабының 5 тармағы).

Сот отырысында жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны анықталды.

Істің анықталған мән-жайлары сотқа өнім берушінің шарт талаптарын орындамағаны бойынша іс-әрекетін сыни бағалауға негіз береді, бұл оның жосықсыз қатысушы екеніне негіз болып табылады, істі қарау барысында өнім берушінің кінәсін жоққа шығаратын негіздер анықталмаған және жауапкер тарапынан дәлелдемелер ұсынылмаған.

Документ подписан: Джакупов А. К., 28.11.2024
Дата вступления в законную силу: 06.01.2025, судья Джакупов А. К., 13.01.2025
7119-24-3-1/13543

Жауапкердің шарттың талаптарын бұзуының нәтижесінде тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлар келтірілген, өйткені талап қоюшы шарт жасасу кезінде құқығы бар нәрсені алмағандықтан, оның салдары да материалды бұру қажеттілігі және осы қызмет үшін жаңа сатып алуларды ұйымдастыру, сондай-ақ осы талаппен сотқа ұсыну болып табылады.

Осыған байланысты сот іс бойынша жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы тануға мүмкіндік беретін қажетті аспектілердің жиынтығы анықталған деген қорытындыға келеді.

Талап қоюды қанағаттандыру кезінде сот сонымен қатар жауапкер өз мойнына алған міндеттемелерді тиісінше орындамау негізінде шартты бұзуды дауламағанын ескереді. Демек, жауапкер шартты бұзудың көрсетілген негіздерімен келіскен.

№2 талап бойынша.

Жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын қарай отырып, сот келесі негіздер бойынша талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АК-тің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Тараптар белгіленген жазбаша нысанда өнім берушінің жауапкершілігі анықталған, талап қоюшымен тұрақсыздық айыбы есептеліп, 1044 теңгені құрады. Бұл есеп сотпен расталды және дұрыс деп есептелінеді.

Сот отырысында жауапкердің шарт талаптарын бұзғандығы жөнінде нақты түрде белгіленді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабының талаптарымен жауапкерден мемлекет пайдасына 1877 теңге мемлекеттік баж салығын төлеу бойынша шығыстар өндірілуге тиіс.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

сот, АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Айдана» атынан - Зикирова Айдана Женисбекқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Документ подписан: Джакупов А. К., 28.11.2024
Дата вступления в законную силу: 06.01.2025, судья Джакупов А. К., 13.01.2025
7119-24-3-1/13543

Жеке кәсіпкер «Айдана» атынан - Зикирова Айдана Женисбекқызынан мемлекет кірісіне 1044 (бір мың қырық төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 1877 (бір мың сегіз жүз жетпіс жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Судья **А.К.Джакупов**

Документ подписан: Джакупов А. К., 28.11.2024
Дата вступления в законную силу: 06.01.2025, судья Джакупов А. К., 13.01.2025
7119-24-3-1/13543